



**Автор:** кадырова Клара Абдыкамаловна

**Пән:** Математика

**Сынып:** 5-сынып

**Бөлім:** Бұрыш. Көпбұрыш

**Тақырып:** Бұрыш

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.3.1.4 бұрыш және оның градусық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар : Бұрыш тақырыбы бойынша есептер шығаруға баулу Оқушылардың басым бөлігі : Бұрыштың түрлерін анықтай алады, бұрышты өлшеп сала алады Кейбір оқушылар: Тақырып ұғымын біледі, түснөді және есеп шығаруда пайдаланады
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Бұрыш түсінігі; бұрыштың түрлері мен сызу әрекеттерін. Жазылым дағдысы бойынша ұсыныстар: бұрышты дұрыс сызу ; Айтылым дағдысы бойынша ұсыныстар:бұрышты дұрыс өлшеп слуы
Бағалау критерийлері:	Білім алушы: Бұрышты дұрыс салуды көрсетеді Бұрыштық түрлерін салып көрсетеді
Құндылықтарды дарыту:	Математикалық тілде сауатты сөйлеуге, ұқыптылыққа, дәлдікке, сыни ойлауға тәрбиелеу; «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының б құндылығы: «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы»
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интерактивті тақта. Bilimland.kz
Пәнаралық байланыс:	Геометрия мен информатика
Бастапқы білім:	-бірлік кесінді, координаталық сәуле ұғымдарын;нүктенің координатасын оқуды, нүктенің координатасын жазуды; координаталық сәулені салу алгоритмін біледі.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	<b>Сәлемдесу.</b> Оқушыларды түгелдеу Топқа бөлу: «Суреттермен тілек» Сыныпта жағымды ахуал туғызу үшін оқушылар бір-біріне қоларына түскен суреттер бойынша тілек сөздер айтып, тілек тілейді. . Қолдарындағы суретті сыныптасына сыйлайды. Қолға түскен сурет бойынша топқа бөлінеді Мұғаліммен сәлемдеседі. Оқу құралдарын дайындап, зейінін сабаққа аударады. Қайталау сұрақтары. 1.Пайыз дегеніміз не? 2.Егер тауардың 70% -ы сатылса,тауардың қанша пайызы қалды? 3.Астықтың 35%-ы жиналса,онда астықтың қанша пайызы жиналуы тиіс?	бейнежазба Bilimland.kz
Сабақтың ортасы (30мин)	Миға шабуыл. Тақырыпты ашу: Екі сәуле бір нүктеден басталса қандай фигура шығар еді. Жаңа тақырыпты түсіндіру. Нүктемен түзуді бөлгенде шығатын сәулелер толықтауыш сәулелер деп аталады. Нүктемен түзуді бөлгенде шығатын сәулелер толықтауыш сәулелер деп аталады. Жазыңқы бұрыштың 1/180 үлесі бұрыштық өлшем бірлігі ретінде қабылданған. Ол градус деп аталады. 1 градус- бұрыштың өлшем бірлігі. Градус «0» белгісімен белгіленеді. Бұрыштың градусық өлшемі дегеніміз – берілген бұрышта неше градусық бірлік бар екенін көрсететін сан. Бұрыштың төбесінен бастап, оны өзара тең екі бұрышқа бөлетін сәуле биссектриса деп аталаы. Есептер шығару Кім жылдам? ( Жеке жұмыс) Оқулықпен жұмыс.Жазыңқы бұрыштың қасиетін пайдаланып, бұрыштың градусық өлшемін табады; тік бұрыштың қасиетін пайдаланып, бұрыштың градусық өлшемін табады; Бұрыштарды салыстырады 1- топ, 2- топ 1 есеп 3-топ, 4-топ 2 есеп Сергіту сәті: Бұрыштардың атауларын шатаспай көрсету Жазыңқы бұрыш, тік бұрыш, сүйір бұрыш, доғал бұрыш.	Bilimland.kz

<b>Сабақкезеңдері</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың соңы (1 мин)	Үйге тапсырма: №1188 №1189	тақта
Рефлексия (4 мин)	Кері байланыс Сабақтың мақсатына қайта оралайық: Бұрышты өлшей білеміз бе? (Қол көтерейік!) Оларды салыстыра отырып, суретін сала аламыз ба?( егер жауап «жоқ» болса, неге? Не кедергі болды?)	тақта